

# Ерейментау- Ақпарат

№ 24 (124)  
30 маусым  
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

## 28 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

### Құттықтау

Құрметті ақпарат саласының қызметкерлері, қадірлі қаламгерлер!

Сіздерді кәсіби меркелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі заманауи қоғам ақпаратқа тікелей тәуелді екені әркімге аян. Әлемде болып жатқан саяси-қоғам қыбылыстар, жаңалық-өзгерістер тікелей ақпарат таратушыларға байланысты. Бүгінгі күні сіздер билік пен қалың бұқараның арасын жалғастырып, оқырмандарды ақпаратпен қамтамасыз етіп, сондай-ақ, ел Президентінің саяси бағыт-бағдарын, мемлекеттік жоба-бағдарламаларды халыққа жеткізіп келесіздер.

Бүгінгі күні Тәуелсіз еліміздің болашағы үшін сіздер көтеріп отырған міндет аса жауапты. Осы бір атаулы күні мен сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен қуана құттықтап, еңбектеріңізге табыс, жанұяларыңызға саулық тілеймін!

Ерейментау ауданының әкімі Абай ӘЛЖАНОВ

РУХАНИЯТ

## ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ – ЖАҢА МЕКЕМЕ



Суретте: Елтаңба авторы Ж.Мәлібеков аудан әкіміне «Қазақстан Елтаңбасы» кітабын табыстап тұр



Суретте: Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры Асылбек Баяжұма

## ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 26 маусымда Ерейментау ауданы Ақсуат ауылы әкімінің сайлауы өтті.

Ерейментау аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ерейментау ауданының ауыл, ауылдық округтері әкімдерін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Ақсуат ауылы әкімін сайлау бойынша Ақсуат сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 317 азамат енгізілді, олардың 226-сы дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 3, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған - 4.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны: Е.К. Алдангуров – 62; Ж.К. Ыдырысова – 36; Е. Б. Қыздарбеков – 88, Е. М. Маженов – 33.

Ерейментау ауданы Ақсуат ауылының әкімі болып 03.02.1987 жылы туған Қыздарбеков Ерғанат Болатбекұлы сайланды, Ерейментау ауданы «Ақсуат ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Ақсуат ауылында тұрады.

Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

**Мемлекетіміз үшін ұлттық рәміздердің орны қашанда бөлек. Кез келген елдің мемлекеттігін айқындайтын – оның Туы мен Әнұраны, Елтаңбасы.**

**Бір ғажабы, осы рәміздердің тарихы арғы замандарға кетеді. Сонау көне дәуірлерде әр тайпа мен рудың өзіндік таңбасы, белгілері болғанын білеміз. Міне, осындай белгілер ғасырдан ғасырларға озып, қазіргі заманға жетіп, бүгінде әр мемлекеттің, әрбір қаланың өзіндік белгілерін айқындауға негіз болып отыр.**

Бұның барлығын әңгімелеп отырғанымыз, жуықта ауданымызға мемлекеттік Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков пен астанамыздағы Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры Асылбек Баяжұма және бір топ журналистер келіп кетті. Бұл кісілердің мақсаттары – ел тұрғындарын жаңа орталықтың жұмысымен таныстырып және Ерейментау елі мен жері жайлы тарихи деректер мен ақпараттар алмақ екен.

Аудандық мәдениет үйінің екінші қабатында болған кездесу барысында Елтаңба авторы Ж.Мәлібеков жиналған қауымға ұлттық рәміздер туралы әңгімелеп, оның мәні мен мағынасын түсіндірді. Отырыс барысында биыл ғана жаңадан ашылған мекеме – Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры Асылбек Баяжұма аталмыш орталықтың жұмысы жайлы, негізгі мақсат-міндеті туралы әңгімеледі.

-Біздер осы геральдикаға қатысты барлық шаруаларды зерттеп, реттемекпіз. Геральдика деген тек ұлттық рәміздер ғана емес. Мысалы, бұған түрлі мемлекеттік және қоғамдық марапат белгілері – орден-медальдар да кіреді. Қарап отырсақ, мемлекеттік наградаларды санамағанда, әртүрлі мемлекеттік қызмет салаларының, қоғамдық ұйымдардың өз медальдары, төсбелгілері бар. Қазір барлығын қосып есептегенде, 200-дей болады. Енді осының бәрін саралап, ретке келтіріп, әрқайсына статус беру керек, - деді орталық директоры. Осы жерде А.Баяжұма Ерейментау ауданы әкімдігіне геральдикалық зерттеулер жайлы тұңғыш шыққан кітаптарды сыйлап, аудан әкімі А.Әлжановтың кеудесіне арнайы әкелген медальды қадады. Аудан әкімдігі де өз кезегінде Ж.Мәлібековты Бөгенбай батыр медалімен марапаттаса, А.Баяжұманың төсіне Үмбетей жырау медалін тақты.

Өз тілшіміз



# Қызметкерлерге Құрмет

Өткен маусым айының 23 - жұлдызы мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің күні екенін біздер газетіміздің өткен санында хабарлаған болатынбыз. Дәл сол күні Үмбетей жырау атындағы аудандық мәдениет үйінде осы меркелік датаға арналған мәдени шара ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлеріне құрмет көрсетілді. Мерекелік жиынды кіріспе сөзбен бастаған аудан әкімі Абай Әлжанов ең бірінші полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен және Қазақстан полициясының 30 жылдық мерейлі датасымен құттықтады.



-Қашанда қауіп-қатер мен тәуекелге толы сіздердің қызметтеріңіз мемлекетіміз үшін аса маңызды саланың бірі. Қоғам өмірінің тыныштығы, қылмыстың алдын алу, тәртіп пен азаматтық құқықтық сақталуы секілді жауапты міндеттер сіздердің мойындарыңызда. Сондықтан осы бір атаулы күні сіздерді құттықтай отырып, істеріңізге сәттілік, қызметтеріңізге абырой, отбасыларыңызға амандық тілеймін, - деген аудан басшысы полиция қызметінің ардагерлері мен бүгінгі еңбек етіп жүрген қызметкерлерін облыс және аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Аталмыш шараға жиналған меймандардың көпшілігі аудандық әкімдіктің және ауылдық округтер әкімдіктерінің, сондай-ақ, түрлі мемлекеттік қызмет салаларының қызметшілері еді.

Жиын барысында мемлекеттік қызметшілерді де кәсіби мерекелерімен құттықтаған аудан әкімі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметтің маңызына тоқтала келіп, мемлекеттік билік пен қалың бұқараның арасында алтын көпір болып отырған түрлі саланың мамандарын мерекелерімен құттықтап, облыс және аудан әкімдіктерінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Жиналыс соңында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары меймандарға мерекелік ойын-сауық ұсынып, әсем ән мен шуақты музыкаға бөледі.

Өз тілшіміз







## САУАБЫ МОЛ ҚҰРБАНДЫҚ

Еліміздің кейбір өңірлерінде қайтыс болған жақын жандарға арнап Құрбан айттың алдында бір күн бұрын мал сойып, туған туыстарды және көрші-қолаңдарды шақырып ас беру үрдісі бар. Халқымыз бұл дәстүрді «шек беру» немесе «өлінің шегі» деп атайды. Шек барысында қайтыс болған марқұмдардың аттарына арнайы құран оқып, сауабы бағышталады.

Шек деген - араб тілінің «шак» сөзімен мағыналас, күмән дегенді білдіреді. Олай аталудағы себеп, Ибраһим (ғ.а) пайғамбар баласы Исмайылды Зулхиджа айының 8-9 күндері түсінде құрбандыққа шалғанын көріп, өзінің түсінен күмәнданады. Сондықтан «күмән күндері» деп аталған Шариғат үкімінде бұл күн «Арафа» күнімен тұспа-тұс келеді, яғни қажылыққа барған қажылар бұл күні Арафа тауында тұрып дұға жасайды. Ал қажылыққа бара алмаған мұсылмандардың сол күні ораза ұстағандары сауапты іс. Асыл дініміз марқұмдардың атынан мал сойып, құрбан шалуды құптап, жақсы амал санаған. Шариғи кітаптарда Хазіреті Әли сынды саңлақ сахабалар да Пайғамбарымыздың атынан арнайы қошқарды құрбандыққа шалғаны жайлы хабарлар

келеді. Осыған орай марқұмдардың атынан құрбандық шалып, сауабын бағыштауды ата дініміз парыз қылмаса да сауапты амалдардың қатарына жатқызған.

Алайда, бұл жерде ескеретін бір мәселе, айт күндері Құрбан шалу айт намазынан кейін басталатын шариғи рәсім. Айт намазынан бұрын сойылған мал тек садақа санатына жатады. Ал өз кезегінде садақаның сауабына қарағанда, құрбан шалудың сауабы әлде қайда мол. Құрбандыққа шалған малдың әр бір қылының өзіне сауап делінген. Пайғамбарымыз (с.а.с) айт күні екі қошқарды құрбандыққа шалған. Бір қошқарды Аллаға иман келтірген барша марқұм мұсылмандардың атынан, екінші қошқарды өзінің және отбасының атынан арнап құрбандық шалған. Пайғамбарымыздың (с.а.с) амалынан байқайтынымыз, ол марқұмдарды да өзін де құрбандық сауабынан құр қалдырмаған. Сондықтан да айт күндері марқұмдардың атынан құрбандық шалғаны абзал болады.

*Еркебұлан ИСЕНОВ, Тоқан Хазірет мешітінің бас имамы*



**Біздер аудандық «Ерейментау – Ақпарат» газетінің бетінде әр саланың қызметкерлерін, мамандарын кәсіби мерекелерімен аудан әкімдігі атынан қуана құттықтап жатамыз. Бұл – ертеден келе жатқан дәстүр. Міне, маусым айының 28-і күні біздің де, яғни ақпарат саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі келіп жетті.**

**Газетіміз аудандағы жергілікті биліктің пәрменін халыққа жеткізетін жалғыз басылым болған соң, біздер аудан әкімдігімен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Билік тарапынан болатын түрлі маңызды ақпараттар, хабарландырулар, ресми құжаттар біздің газетте жарияланады. Одан бөлек, жалпы көпшілік оқырмандарға арналған қызықты мақала, естеліктер, басқадай дүниелерді де ұсынып тұрамыз.**



Дегенмен, жасыратыны жоқ, жыл өткен сайын қағаз бетіне басылатын ақпарат құралдарының қадірі кетіңкіреп барады. Осы себептен, газетіміздің пошта арқылы жазылымы да шамалылау. Бұның барлығы өрине, уақыт пен заманның талабы. Себебі, халық бірте-бірте электронды ақпарат жүйесіне ауысып барады. Бұлай бола берсе, енді біраз жылдан соң аудандық, облыстық деңгейдегі газеттер түгелдей электронды жүйеге көшетін шығар деп ойлаймыз.

Жарайды, бүгін кәсіби меркеміз болған соң, азды-көпті мәселелерімізді айтып жатқаным ғой. Бір қуанарлығы, әр жыл сайын атаулы меркеміз күні аудан әкімдігі біздерді назардан тыс қалдырмай, құттықтап, марапаттап жатады.

Биылғы жылы да аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Саят Кенжетай ақпарат саласы қызметкерлерін жинап, сый-сыяпат жасады.

-Ақпарат құралдары қашанда халықтың ой-пікірін білдіріп, мемлекеттік саясаттың

хабаршысы болған, әлі де солай бола бермек. Бүгінгі өмірді ақпарат құралдарыңыз көзге елестету мүкін емес. Себебі, бүкіл әлем бойынша ең бірінші орында ақпарат алмасу тұр.

Сіздер аудан көлемінде осы салады талмай еңбек етіп келесіздер. Мерекелеріңіз құтты болсын, қызметтеріңізге табыс тілеймін! – деген Саят Ержанұлы «Ерейментау – Ақпарат» газетінің редакторы С.Байбосынды, осы газеттің орыс тілді шығарылымының жауапты редакторы Людмила Маркованы, «Ерейментауская типография» серіктестігінің директоры Руфия Черникованы, осы баспахананың қызметкері Жәмила Шакированы, аудан әкімінің баспасөз хатшысы Сырым Әбжіковтерді кәсеби мерекесімен құттықтап, Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

*Өз тілшіміз*



# ӨТКЕН ӨМІРДІҢ БӘРІ ТАРИХ



« Осыдан 50 жыл бұрын Ерейментау қаласында тұңғыш баспахана ашылған екен. Кезінде бұл ауданымыздағы белгілі де абыройлы кәсіпорындардың бірі болған. Себебі, аудандық партия комитетінің құзыретінде болған «Еңбек туы», кейін «Прогресс» деп аталған қазақ және орыс тілдеріндегі екі газет осы жерде басылатын. Бұдан бөлек түрлі бланк, іс қағаздары да өндірілген бұл жерде. Ғимараттың үстіңгі қабатында аудандық газеттерің редакциясы орналасқан. Сол кездегі баспаханың тұңғыш директоры Святыня Григорий Филиппович (1972-1998), ерлі-зайыпты Пыстогов Петр Григорьевич пен Тамара Сергеевна; теруші-баспашы Дегальцова Ектерина Ивановналар осы кәсіпорынның бастауында тұрған адамдар. Осы жерде баспахана ашылысымен, көп жылдар бойы линотипистер - Сартымбаева Фаина Саитовна, Бекхожина Роза Мұқашқызы; теруші-баспашы Шакирова Жамила Саитовна, Иванова Татьяна Михайловна секілді адамдар абыройлы еңбек етті. »



Суретте: Руфия Черникова



Суретте: Рауза Бекхожина



Суретте: Фаина Сартымбаева



Суретте: Татьяна Иванова



Суретте: Жамила Шакирова

Бүгінгі күнде жекеменшік кәсіпорын болса да, баспахана бұрынғыша жұмыс жүргізіп, «Инфо-Рейтинг» атты газет шығарып, басқадай баспа өнімдерін өндіріп отыр. Бүгінгі күнгі адамдарға әрине, «линотипист», «әріп теруші» т.б. мамандықтар таныс емес. Олардың бәрі тарих қойнауына кеткен атаулар. Қазіргі баспаханалар озық технологияның арқасында басқаша жұмыс істейді. Дегенмен біздер бір кездерде ондаған жылдар бойы жұмыс жүргізіп, ауданның экономикасын көтеруге, ақпарат таратуға ат салысқан кәсіпорынды, ол жерде қажырлы еңбек еткен адамдарды ұмытпауымыз керек. Мен осы баспаханада ондаған жылдар бойы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан, арамызда аман-сау жүрген әріптестерімді Қазақстан Республикасы Ақпарат саласы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бәріңізге ұзақ өмір, тыныш трілік, мықты денсаулық тілеймін. Сіздер ауданның тарихын жасаған адамсыздар. Ал тарих ешқашан ұмытылмайды  
Руфия ЧЕРНИКОВА, «Ерейментауская типография» серіктестігінің директоры

## COVID - 19

Қазақстанда өткен тәулікте 61 адамнан коронавирус инфекциясы анықталды, деп хабарлайды COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК баспасөз қызметі. Осымен елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 1 306 361-ге жетті.

Оның ішінде:

Нұр-Сұлтан қаласында - 13,

Алматы қаласында - 41,

Алматы облысында - 2,

Атырау облысында - 1,

Жамбыл облысында - 3 адамнан

коронавирус анықталып отыр.

Сондай-ақ, бұл күні Қазақстанда 17 адам

коронавирус инфекциясынан жазылып


шықты:

Нұр-Сұлтан қаласында - 8,

Алматы қаласында - 6,

Қарағанды облысында - 2,

Қызылорда облысында - 1 адам.





# БАБАЛАР РУХЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

Маусым айының 24-25 күндері Ерейментауда тарихи маңызы бар үлкен шаралар болып өткенінен ел-жұрт хабардар. Анығырақ айтар болсақ былай:

Біздер газетіміздің өткен сандарында Қанжығалы елінің Ерейментау жеріне келіп қоныстанғанына 285 толды деп жазғамыз. Ол үшін марқұм Өмірбек Тұқпиұлы деген атамның дәлелді жазбасын да келтірген болатынбыз. Осы бір тарихи датаны атап өтпекші болып шешім қабылдаған кезде, ел азаматтары Қуаныш Қияшев, Қанай Омаров, Серік Жүнісов т.б. бауырлар ерте заманда «Мәмбеттің Бесқасқасы» атанған Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырларға ескерткіш-бюст қоймақ болып шешті. (Бұл ағайынды бес батырдың үлкені – Атан батырға ескерткіш бұрынырақта қойылған).

Бірақ уақыт тым тығыз еді. Және мәселенің барлығы қаржыға барып тіреледі. Дегенмен, көп түкірсе – көл дегендей, ел болып қолға алғасын, қажетті қаражат та жиналып, бас-аяғы екі аптаның ішінде төрт батыр бабаның ескерткіш-бюстері дайын болды. Бұл шаруаның негізін қолына алып, сонау Алматыға барып жасатып жүрген жерлесіміз, белгілі архитектор, Ақпан батыр ұрпағы Қуаныш Қияшев.

Ал Ерейментау қаласындағы батырлар аллеясындағы ескерткіштердің орнын дайындап, тұғыртастарын орнатып, бірнеше күн дамыл таппай еңбек еткен Қанай Омаров, Серік Жүнісов т.б. бауырларымызға айтар алғыс бір бөлек.

Тіпті осы жұмысқа астанамызда тұратын жасы сексеннен асқан ақсақал Төлеутай қажы Иманжүсіпов ағамыз да келіп, қолына күрек алып қол тигізгенінің өзі жастарға үлкен үлгі болды. Ақпан батыр ұрпағы Төлеутай құажы сондай-ақ, ескерткіштер қорына қомақты қаржы да қосып кетті. Міне, осылай жұмыла еңбек етудің арқасында ескерткіштер өз уақытында дайын болып, халықтың көзайымына айналып отыр.



Суретте: Төлеутай қажы Иманжүсіпов, Қанай Омаров, Серік Жүнісов





Той меймандары



Маусымның 24-і күні ескерткіш-бюстер салтанатты түрде ашылып, жамылғыштары сыпырылды. Сол күні Қазақстанның әр аймағынан арнайы келіп қатысқан меймандар, үлкенді-кішілі бауырларымыз осы бір рухани шарада тебіреніспен сөйлеп, оның келер ұрпақ үшін қасиетті жәдігер болатынын айтқан еді. Сол күнгі екінші бір оқиға – Ерейментауға кіреберіс жолдың бойында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батырлардың рухтарына арналып ескерткіш-тас орнатылды. Бұл да ел мен жеріміз үшін үлкен мақтаныш, абыройлы шаруа екені сөзсіз.

Кезінде осы шаруаға бастамашы болған Талғат Жанайдаров ағамыз бен Жанат Түгелбаев бауырымыз еді. Биылғы жылы бұл істі қолға алып, оның абыройлы орындалуына ат салысқан «Қанжығалы» қоғамдық бірлестігі, оның төрағасы Қайыркен Жақып, орынбасары Ерболат Шахатов, астанадағы жерлес ағаларымыз Талғат Жанайдаров пен Қоныс Әлімжанов, Жеңіс Бедешов, ерейментаулық кәсіпкерлер Сағидолла және Ержан Биекеновтер, Есен Исенов, Балтабай Бекешов сынды азаматтар. Барлығына да Алла разы болсын дедік.

Осы бір атаулы шараға Қазақстанның - Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар өңірлерінде тұратын қанжығалы бауырларымыз, Ресейдің Свердлов, Түмен облыстарындағы туыстарымыз келіп қатысып, үлкен рухани жігер алып қайтты.

25-інші маусым күні осы тарихи-мәдени шара аудан күні мерекесіне ұласып, халық ат бәйгесі мен көкпарды, өнерпаздардың концертін тамашалап, риза болып тарасты.

Өз тілшіміз

## ҚАРТ ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Газетіміздің тұрақты авторларының бірі – Майлан аулының тұрғыны Әдебиет Байдолда атты ақсақал. Жоғары білімді, бар саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған бұл кісі атамекенге қоныс аударып келгесін де бірнеше жыл ұстаздық етіп, құрметті демалысқа шыққан.

Әдекеңнің бір ерекшелігі, бұл кісі ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасап, газет-журналдарға өлең, әңгіме, естеліктерін үзбей жариялап тұрады. Қаламгерлікті жанына серік еткен қарияның осы уақытқа дейін «Іздерден түйген түйін», «Өмірден өрілген өлең», «Шөбереге шежіре», «Естеліктен ескен самал» «Нақыл сөздер» атты түрлі жанрдағы бірнеше кітаптары жарық көрген.

Әдекеңнің қаламгерлігі мен кісілігін бағалайтын ерейментаулық азаматтар, оның ішінде «Қанжығалы» қоғамдық бірлестігі өткен жолғы үлкен тарихи-мәдени шарада ол кісіні Үмбетей жырау атындағы медальге ұсынған болатын. Бірақ ақсақал бір себептермен келе алмаған.

Біздер, бір топ адам маусымның 29-ы күні Майлан аулына арнайы барып, ауылдық әкімдік ғимаратында қарияның кеудесіне медалін тағып, иығына шапан жауып, шығармашылық табыс тілеп, құрметтеп қайттық.

Өз тілшіміз

## ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

### Ерейментау-Ақпарат

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Куәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы – 1000 дана. Индекс: 66015 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 831

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereymen.akparat@mail.ru